

ISSN (Print) 2616-6895  
ISSN (Online) 2663-2497

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы  
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series  
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

№ 3(140)/2022

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Астана, 2022

Astana, 2022

*Бас редакторы*  
**Г.Ж. Менлибекова,**  
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (психология)  
Бас редактордың орынбасары (әлеуметтану)

**Ә.С. Мамбеталина,** п.ғ.к., доцент (Қазақстан)  
**Н.О. Байғабылов,** PhD (Қазақстан)

*Редакция алқасы*

<b>Есенғалиева А. М.</b>	п.ғ.к., доцент, (Қазақстан)
<b>Иванова Г.П.</b>	п.ғ.д., (Ресей)
<b>Исламова З.М.</b>	п.ғ.к., доцент, (Ресей)
<b>Калдыбаева О.В.</b>	PhD, (Қазақстан)
<b>Колева И.</b>	докт., (Болгария)
<b>Отар Э. С.</b>	PhD, (Қазақстан)
<b>Сейтқазы П.Б.</b>	п.ғ.д., (Қазақстан)
<b>Толубекова Р.К.</b>	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
<b>Сунарчина М.М.</b>	ә.ғ.д., проф., (Ресей)
<b>Тамаш П.</b>	проф., (Венгрия)
<b>Уразбаева Г.Т.</b>	п.ғ.д., (Қазақстан)
<b>Хан Н.Н.</b>	п.ғ.д., проф., (Қазақстан)
<b>Хаяти Тюфекчиоглу</b>	<b>ә.ғ.д., проф. ( Түркия)</b>
<b>Шайхисламов Р.Б.</b>	ә.ғ.д., проф., (Ресей)
<b>Шалғынбаева Қ.Қ.</b>	п.ғ.д., проф., (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)  
E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz  
Жауапты хатшы: Ә.С. Жұматаева

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы**

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген.

27.03.18 ж. № 17001- Ж -тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 10 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі,13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31410)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

*Editor-in-Chief*

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

**G.Zh.Menlibekova**

Deputy Editor-in-Chief (psychology)

**A.S. Mambetalina**, Can. of Psychological Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (sociology)

**N.O. Baigabylov**, PhD in Sociology (Kazakhstan)

*Editorial board*

**Esengalieva A.M**

Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof., (Kazakhstan)

**Ivanova G.P.**

Doctor of Pedagogical Sciences, (Russia)

**Islamova Z.M.**

Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof., (Russia)

**Kaldybayeva O.V.**

PhD, (Kazakhstan)

**Otar E.S.**

PhD, (Kazakhstan)

**Koleva I.**

Dr., (Bulgaria)

**Seytkazy P.B.**

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof., (Kazakhstan)

**Sunarchina M.M.**

Doctor of Sociology, Prof., (Russia)

**Tamas P.**

Prof., (Hungary)

**Toleubekova R.K.**

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

**Urazbayeva G.T.**

Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof., (Kazakhstan)

**Khan N.N.**

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof., (Kazakhstan)

**Hayati Tufekcioglu**

Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)

**Shaikhislamov R.B.**

Doctor of Sociology, Prof., (Russia)

**Shalgynbayeva K.K.**

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof., (Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.402, Astana, Kazakhstan, 010008  
L.N.Gumilyov Eurasian National University Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)

E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary: A.S. Zhumatayeva

**Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University»  
Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year Circulation: 10 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31410)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

*Главный редактор*  
д.п.н., профессор  
**Г.Ж. Менлибекова** (Казахстан)

Зам. главного редактора (психология)  
Зам. главного редактора (социология)

**А.С. Мамбеталина**, к.п.н., доцент (Казахстан)  
**Н.О. Байгабылов**, PhD (Казахстан)

*Редакционная коллегия*

<b>Есенгалиева А. М</b>	к.п.н., доцент, (Казахстан)
<b>Иванова Г.П.</b>	д.п.н., (Россия)
<b>Исламова З.М.</b>	к.п.н., (Россия)
<b>Калдыбаева О.В.</b>	PhD, (Казахстан)
<b>Колева И.</b>	докт., (Болгария)
<b>Отар Э. С.</b>	PhD, (Казахстан)
<b>Сейтказы П.Б.</b>	д.п.н., проф., (Казахстан)
<b>Сунарчина М.М.</b>	д.с.н., проф., (Россия)
<b>Тамаш П.</b>	проф., (Венгрия)
<b>Толубекова Р.К.</b>	д.п.н., проф. (Казахстан)
<b>Уразбаева Г.Т.</b>	д.п.н., доцент, (Казахстан)
<b>Хан Н.Н.</b>	д.п.н., проф., (Казахстан)
<b>Хаяти Тюфекчиоглу</b>	д.с.н., проф. ( Турция)
<b>Шайхисламов Р.Б.</b>	д.с.н., проф., (Россия)
<b>Шалғынбаева К.К.</b>	д.п.н., проф., (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 402  
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)  
E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz  
Ответственный секретарь: А.С. Жуматаева

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.**

**Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.**

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г. Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 10 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31410)

А.Ж. Мәуітбекова<sup>1</sup>,  
К.Н. Булатбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясы, Астана, Қазақстан  
(E-mail: aisulusha\_93kz@mail.ru)

## Семантикалық парадигмаларды кәсіби бағытталған шет тілінде сөйлеуді дамытуда пайдалану

**Аңдатпа.** Шет тілін үйренудің негізгі мақсаты сол тілде коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру. Ол үшін оқу процесінде сөйлеу құзыреттілігін дамытудың тиімді бірліктерін қолдану маңызды.

«Әдістемелік терминдер мен ұғымдардың жаңа сөздігінде (тілдерді оқытудың теориясы мен практикасы) «сөйлеу құзыреттілігі коммуникативтік құзыреттіліктің құрамына кіреді. Бұл тіл арқылы ойларды қалыптастыру және тұжырымдау тәсілдерін меңгеруді, сондай-ақ сол тәсілдерді сөйлеуді қабылдау мен қалыптастыру процесінде қолдана алуды білдіреді. Өз кезегінде, жоғары сынып оқушыларының мамандандырылған шет тіліндегі сөйлеуін дамыту кәсіби ойлау ерекшеліктерін ескере отырып, нақты кәсіби, іскерлік, ғылыми салаларда және жағдайларда шет тіліндегі қарым-қатынас қабілетін қалыптастыруды көздейтін шет тілін оқытуға кәсіби бағытталған тәсілді қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл тәсілді орта мектепте ағылшын тілінде оқытылатын биология, химия, физика сабақтарында қолдануға болады.

Білім беру, лингвистика, әдістеме саласындағы ғылымның белсенді дамуына байланысты негізгі пән ретінде де, шет тілінде оқытылатын пәндер ретінде де шет тілін оқытуда жаңа және тиімді әдістерді іздеуге және қолдануға көбірек көңіл бөлінуде. Біз өз зерттеуімізде шет тілін оқытудың заманауи технологияларына жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағытталған шет тілінде сөйлеуін дамыту кезінде сөздік қорды байыту үшін семантикалық парадигмалардың элементтерін оқыту бірлігі ретінде енгізуді ұсынамыз. Семантикалық парадигмалар - бұл семантикалық жақындыққа немесе қарама-қайшылыққа негізделген лексикалық топтар, тіпті ресми сәйкестілік және кең мағынадағы семантикалық қайшықтық (омонимия жағдайлары), олардың компоненттері белгілі бір негізде бір-бірімен байланысты. 10 сыныптың ағылшын тілінде ұсынылған биология оқулығын талдау негізінде шет тілінің әртүрлі оқыту технологияларына семантикалық парадигмаларды қолдану арқылы құрастырылған жаттығулар ұсынылды.

Түйін сөздер: семантикалық парадигма; сөздік қорды байыту; коммуникативті құзыреттілік; оқыту бірліктері; кәсіби құзыреттілік; белсенді әдістер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-140-3-232-242>

### Кіріспе

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі әлемде жоғары сынып оқушылары ағылшын тілін мектепте оқытылатын пән ретінде ғана емес, сонымен

қатар ауызша және жазбаша қарым-қатынас кезінде әртүрлі тәсілдермен алынған ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін құрал ретінде қабылдайды. Олар шет тілін білу жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыру

үшін, сондай-ақ кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажет екенін түсінеді, бұл олардың еңбек нарығында қажеттілігін білдіреді. Бейіндік пәнді шет тілі арқылы оқыту креативті және тиімді әдістерді талап етеді, сол арқылы мұғалімдер мен әдіскерлер алдына шет тілін оқытуда жаңа әдістерді әзірлеу немесе қолданыстағы әдістерді жетілдіру түрінде міндеттер қояды.

Шет тілдерін оқыту әдістемесінде шет тілін оқыту құралдары ретінде (оқыту теориясында да, оқулық тапсырмаларының жүйесінде де) семантикалық парадигмаларды пайдалану толық көрсетілмеген. Бұл орта мектеп мұғалімдерінің аталмыш функционалды құралдарды жеткілікті пайдаланбайтындығын көрсетеді.

Зерттеудің мақсаты: жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағытталған шет тілінде сөйлеуін дамыту кезінде сөздік қорды байыту бірлігі ретінде семантикалық парадигмаларды жүйелі түрде енгізу және нәтижелерін сипаттау.

Зерттеу нәтижелері. Осы зерттеудің нәтижелері шет тілін үйренуге арналған оқу құралдарын әзірлеу кезінде, орта мектепте шет тілі сабақтарында оқыту құралы ретінде, сондай-ақ тілдік пәндер мұғалімдеріне арналған.

### Зерттеу әдістері

Зерттеу әдістері: теориялық әдістер, соның ішінде ғылыми және ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу негізінде қарастырылып отырған тақырыпты талдау. Эмпирикалық әдістер ретінде компонентті талдау әдісі, эксперимент, талдау және алынған деректерді салыстыру қолданылды.

### Талдау мен нәтижелер

Кәсіби бағдарланған оқыту деп студенттердің болашақ мамандықтарының немесе кәсібінің ерекшеліктерімен белгіленетін, шет тілін үйренудегі қажеттіліктерін ескеруге негізделген оқыту болып табылады. Ол кәсіби бағдарланған шет тілін меңгеруді білім алушылардың жеке қасиеттерін дамытумен,

оқытылатын тіл елінің мәдениетін білумен қатар кәсіптік және лингвистикалық білімге негізделген арнайы дағдыларды меңгерумен ұштастыруды көздейді [1].

Кәсіби білім беру жүйесінде шет тілін кәсіби бағдарланған оқыту барысында туындайтын теориялық аспектілер, әдіснамалық негіздер мен мәселелерді Бим И.Л., Гальскова Н. Д., Зимняя И. А. сияқты орыс ғалымдары қарастырды. Гальскова Н.Д. шет тілін болашақ маманның кәсіби бағытын қалыптастыру құралы ретінде қарастыра отырып, оқыту кезінде кәсіби бағдарланған тілдік материал студенттің арнайы білім алуға деген ұмтылысы мен тілді меңгерудің сәттілігі арасында екі жақты байланыс орнатылады деп атап көрсеткен [2]. Ол шет тілін тілдік емес университетте кәсіби және әлеуметтік бағдарлаудың тиімді құралы деп санайды. Автордың пікірінше, бұл әлеуетті іске асыру үшін келесі шарттарды сақтау қажет:

- шет тілдік сөйлеу қызметінің мақсаттарын нақты тұжырымдау;
- осы қызметтің әлеуметтік және кәсіби бағыты;
- жеке міндеттерді шешу кезінде білім алушылардың қанағаттанушылығы;
- білім алушыларда жеке міндеттерді шешуге шығармашылықпен қарау білігін қалыптастыру;
- оқу ұжымындағы қолайлы психологиялық ахуал.

Берілген тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді зерттей отырып, біз орыс ғалымы И.Л. Бимнің кәсіби оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастырудың принциптері мен тұжырымдамасын басшылыққа алуды жөн көрдік, өйткені біз оның ғылыми көзқарасын бөлісеміз. И.Л. Бимге [3] сәйкес, шет тілін кәсіби бағдарланған оқыту кезінде бейіндеу бірнеше деңгейде жүзеге асырылады. Тереңдету жүреді:

1. Оқыту мазмұнының инвариантты өзегін, яғни базалық курсты мұқият зерделеудің арқасында.
2. Кәсіби бағытқа байланысты кәсіби бағдарланған қосымша материалмен модульдерді қосу.

3. Элективті курстар мен тәжірибелерді тарту.

Семантикалық парадигма ұғымы тілді жүйе ретінде қарастыру, сөздер арасындағы синтагматикалық және парадигматикалық байланыстар негізінде қалыптасқан. Парадигматикалық қатынастар дегеніміз - бір типтегі бірліктер арасындағы қарым - қатынас, олар бір уақытта кейбір белгілері бойынша ұқсас келеді де, ал басқа белгілері бойынша айырықшалаанады. Парадигматикалық қатынастар тілдің барлық деңгейлерін сипаттайды, мысалы, дауыссыз дыбыстар жүйесі, септеу жүйелері, синонимдік қатарлар, антонимдік жұптар және т.б. Тілді қолданған кезде парадигматикалық қатынастар қажетті бірлікті таңдауға, сонымен қатар тілдегі қалыптасып қойған үлгімен сөздер мен олардың формаларын құруға мүмкіндік береді [4].

Синтагматикалық қатынастар - бұл сызқтық сөйлеу ағымында бірнеше рет қайталану жағдайында қалыптасатын және сонымен бірге сөйлеуде жүзеге асырылатын тілдік бірліктердің типтік үйлесімділігінің қатынасы. Синтагматикалық қатынастар негізінде сөздер (морфемалар мен буындардың жиынтығы ретінде), тіркестер (сөздер жиынтығы ретінде), сөйлемдер (сөйлем мүшелерінің жиынтығы ретінде) және күрделі сөйлемдер (предикативті бірліктер жиынтығы ретінде) құрылады [5].

Лексикалық мағынамен байланысты парадигма семантикалық парадигма деп аталады. Семантикалық парадигмалар (немесе лексико-семантикалық парадигмалар) туралы зерттеу жұмыстары ХІХ аяғы мен ХХ ғасырдың басынан, яғни «семантикалық өріс» ұғымы кеңінен қолданыла бастаған сәттен өз бастауын алады. Жалпы ғылыми әдебиеттерде лексикалық бірлестіктерді білдіретін әртүрлі терминдер кездеседі. Мысалы, лексико-семантикалық топ (Ф. П. Филин, А.А. Уфимцева, В.Г. Гак), семантикалық парадигма (Д. Н. Шмелев), тақырыптық топ (О.С. Ахманова, И.В. Арнольд), семантикалық өріс (Л.М. Васильев, П.Н. Денисов, Л.А. Новиков, Ю.Н. Караулов), лексико-семантикалық жүйе (В.А. Звегинцев) және т.с.с. Сәйкесінше, бұл терминнің бірне-

ше анықтамалары кездеседі. Т.В. Жеребилоның лингвистикалық терминдердің сөздігінде семантикалық парадигмалар семантикалық жақындыққа негізделген лексикалық топтар (мысалы, семантикалық өріс, лексикалық - семантикалық топ; гиперо-гипонимикалық топтар, партитивтер, синонимдер, антонимдер) деп көрсетілген [6]. Семантикалық парадигмалардың 6 түрлі тобы белгілі. Олар: омонимдік, синонимдік, антонимдік, тақырыптық, гиперо-гипонимикалық және лексико-семантикалық топтар [7].

Біз өз жұмысымызда жоғарыда көрсетілген бейіндеу деңгейлерінің бірінші нұсқасына негізделген тапсырмаларды әзірледік, яғни семантикалық парадигмаларды қолдана отырып, арнайы жаттығуларды қосу арқылы оқу материалын кеңейттік, сонымен қатар оларды жобалық әдіс, сараланған оқыту, қызметтік әдіс, кейс-стади және т.б. сияқты белсенді оқыту әдістеріне енгіздік.

Жеке тұлғаға бағытталған тәсілдің талаптарын басшылыққа ала отырып, И. Л. Бим [3] шет тілдерін кәсіби бағытталған оқытудың мынадай принциптерін атап көрсетеді:

1) оқытудың әлеуметтік-мәдени, коммуникативтік-когнитивтік бағыттылығының қағидаты (шет тілі арқылы тұлғаның сөйлеу және мәдени дамуы);

2) сараланған және жеке көзқарас қағидаты, өзіндік оқыту траекториясын құру мүмкіндігі;

3) жоғары сынып оқушыларының кәсіптік ұмтылыстарын негізге ала отырып, оларға шет тілін тереңдетіп оқыту мүмкіндігін беру есебінен оларды кәсіби бағдарлауға есепке алу және дамыту қағидаты;

4) жоғары сынып оқушылары дербестігінің үлес салмағын арттыру, олардың дербестігін дамыту, оқытудың жеке траекториясын жоспарлауға дейін өзінің оқу қызметін ұйымдастыруға саналы көзқарас қағидаты;

5) мектеп оқушыларының тілдік және әлеуметтік өзара іс-қимылын шет тілі құралдарымен қарқындалу қағидаты;

6) оқу тәжірибесіне сүйену қағидаты;

7) Білім беру жүйесінің барлық буындары арасында – негізгі және жоғары мектеп ара-

сында, мектеп пен жоғары оқу орны арасында тілдік білім берудің сабақтастығын іске асыру қағидаты;

8) жоғары сынып оқушыларының оқу қызметінің материалдық өнімдерін де, сондай-ақ материалдық емес өнімдерді де жетілдіруге бағытталған өнімділік қағидаты (білім беру, тәрбиелеу және дамыту тұрғысынан білімді, дағдылар мен іскерлікті, рухани қасиеттерді арттыру нысанында).

Көріп отырғаныңыздай, бұл принциптер мамандандырылған оқытудың жоғарыда аталған дидактикалық принциптеріне сәйкес келеді. И. Л. Бим өз зерттеулерінде шет тілін бейіндік оқыту технологияларын сипаттауға ерекше орын береді. Оның негізгілеріне жобалар әдісі, ынтымақтастықта оқыту, портфолио, Денсаулық сақтау технологиялары жатады. Осылайша, И.Л. Бим зерттеулерде мамандандырудың, модульдерді, элективті курстарды тарту мүмкіндіктері арқасында шет тілін бейіндік оқытуды көп деңгейлі, икемді және ауыспалы жүйе ретінде қарастырады, және жоғары сынып оқушыларына шет тілін одан әрі қарай қалай қолданғысы келетіндігіне байланысты жеке оқу бағдарламаларын құруға үлкен мүмкіндіктер ашады.

Оқу материалының кәсіби бағыттылығы мазмұнның түпнұсқалығы қағидатын іске асыруға көмектеседі, лингвистикалық және әлеуметтік-мәдени құзыреттердің ғана емес, сонымен қатар кәсіби құзыреттілік негіздерінің қалыптасуына ықпал етеді, өйткені ол оқытылатын тіл елдерінің мамандары орындайтын қызметтің өзекті аспектілері туралы тиісті ақпаратты қамтиды. Бұл ретте оқытудың тілдік мазмұны кәсіптік аспектімен интеграцияланады, бұл білім алушыларға өз кәсібінің тілдік және қызметтік жақтарын ажырамас бірлікте жүйелі түрде игеруге мүмкіндік береді. Белгілі бір мамандыққа байланысты өзекті аудио және бейне материалдарды пайдалану өте маңызды.

Шет тілін оқытуда кәсіби бағытталған тәсілді таңдауды анықтайтын шешуші фактор оның оқушылардың ынтасын арттыруға әсері болып табылады. Оң мотивация оқу іс-әрекетінің қажетті құрамдас бөлігі болып, оқу

процесіне тиімді әсер етеді және оның нәтижелерінің сәттілігін анықтайды [8]. Мотивацияның жоғары деңгейіне сабақта жұмыс істедудің келесі әдістері мен формалары арқылы қол жеткізуге болады: а) кәсіби қызметке байланысты белгілі бір тапсырмалар мен жағдайлардың проблемасы; б) жұмыстағы нақты жағдайларды модельдейтін рөлдік және іскерлік ойындарды пайдалану; в) елтанымдық түпнұсқалық материалды пайдалану; г) оқытушымен сабақта достық атмосфера; д) сабақта әртүрлі жұмыс түрлерін пайдалану, олардың ауысуы, топтық жұмысқа қосымша көңіл бөлінуі керек; е) оқытуда мультимедиялық құралдарды, көрнекілікті және өзекті түпнұсқалық құралдарды және аудиоматериалдарды пайдалану; ж) заманауи педагогикалық технологияларды (жоба және зерттеу, проблемалық, ойын және т.б. әдістер) пайдалану; з) формативті және жиынтық бағалау түріндегі бақылауды ұйымдастыру, сабақтың қорытындысын шығару кезінде рефлексия жүргізу.

Кәсіби бағдарланған тәсілді жүзеге асырудың ең оңтайлы педагогикалық технологияларына проблемалық оқыту технологиясы, сараланған оқыту, жоба, зерттеу, ойын технологиялары жатады. Біздің зерттеуіміздің эксперименттік бөлігі 6 апта бойы 10-сынып оқушыларымен Нұр-Сұлтан қаласының №81 мектебінде өтті. Зерттеу екі топта, яғни, эксперименттік және бақылау топтарында жүргізілді. Қатысушылар саны 40. Michael O'Callaghan ұсынған «Biology» (Science schools) оқулығының тақырыптары іріктеліп, оларға семантикалық парадигмаларды оқыту бірлігі ретінде қолдана отырып тапсырмалар қосу арқылы шет тілін оқытудың белсенді әдістері қолданылды. Өз жұмысымызда біз жобалау әдісі мен саралау әдістеріне семантикалық парадигмалардың элементтерін кіріктіре отырып кәсіби бағдарланған шет тілін оқыту бойынша атқарылған жүйелі жұмыстың тек бірнеше түрін көрсетуді ұйғардық.

Оқушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін біз қазақстандық ғалым, профессор К. Н.Булатбаеваның [9] бағалау жүйесін басшылыққа алдық. Оған сәйкес шет тілін мең-



геру деңгейін тексеру үшін коммуникативтік сипаттағы тапсырмалар ұсынылуы тиіс, онда қорытынды тексеру жұмыстарының түрлері ауызша және жазбаша шығарма болып табылады. Білімді бағалау екі негізгі критерий бойынша жүзеге асырылады: пәндік құзіреттілікті бағалау және шет тіліндегі құзіреттілікті бағалау. 1 және 2-кестелерде бағалау критерийлері туралы деректер көрсетілген.

10 сынып оқушыларымен «Biomolecules and Enzymes» тақырыбы бойынша қысқа мерзімді жоба технологиясы бойынша сабақ өткізілді. Аталмыш технологияны қолданудың басты талаптарының бірі – оқушылар үшін актуалды, пайдалы, шынайы өмірде кездесетін мәселені шешуге арналған тақырыпты таңдау болып табылады. Оқушыларға ұсынылып отырған тақырып қазіргі заманғы тамақтануға, соның ішінде зиянды тағамдардың адам ағзасына әсерін, сондай-ақ дұрыс тамақтану жолдарын анықтауға арналған. Тақырып әсіресе жоғары сынып оқушыла-

ры арасында өзекті, өйткені жас буын зиян тағамдарды жеуге бейім болып келеді. Жұмыс үш топта жүргізілді, олардың әрқайсысында капитандар, спикерлер, тайм-менеджерлер, хатшылар анықталды. Жобалық әдісті құру алгоритміне сәйкес мұғалім жобаның мақсаттары мен мәселелерін анықтады. Тақырыпқа бағыттаушы сұраққа (driving question) жауап беру арқылы « Is it possible to eat healthy food all the time? » оқушылар өз ойларымен және жеке тәжірибелерімен бөлісті.

Келесі кезеңге өткеннен кейін, жобаның құрылымы мен жоспарын құра отырып, мұғалім тірек сөздерді ұсынады, соңғы өніммен таныстырады (біздің жағдайда бұл көмірсулар, майлар мен ақуыздардың нормаларын ескере отырып, дұрыс тамақтану туралы ұсыныс кітапшасы), сонымен қатар мақсатқа жетудің және жобаны жүзеге асырудың болжалды жолдарын көрсетеді. Жобалау барысында соңғы нәтижені бағалау критерийлерін ұсыну да маңызды. Бұл оқушыларға оқу тапсы-

Кесте 1

Пәндік құзыреттілікті бағалау

	Баға «5»		Баға «4»		Баға «3»		Баға «2»	
	Жазбаша тіл	Ауызша тіл	Жазбаша тіл	Ауызша тіл	Жазбаша тіл	Ауызша тіл	Жазбаша тіл	Ауызша тіл
1.1 Мәтін көлемі	180 және жоғары	80 және жоғары	160-тан 180-ге дейін	70-тен 80-ге дейін	140-тан 160-қа дейін	50-ден 70-ке дейін	140-тан кем	50-ден кем
1.2 Микро-тақырыптар көлемі	7 және одан жоғары	7 және одан жоғары	6	6	5	5	4	4
1.3 Логикалылығы	Жоғары деңгей		Орташа деңгей – 1-2 кемшілік болуы мүмкін		Орташа деңгей – 3-4 кемшілік болуы мүмкін		Төмен деңгей – байланыс жоқ, әркелкілік	

Кесте 2

Шет тіліндегі құзыреттілікті бағалау

	Баға «5»	Баға «4»	Баға «3»
2.1 Лексиканы пайдалану деңгейі	Толық деңгей	Толық емес деңгей	Орта деңгей
	Жоғары деңгей – «5»	Жеткілікті деңгей – «4»	Орта деңгей – «3»
2.2 Сөйлеу тілін дұрыс құрастыру	100 %	30%-дан кемі дұрыс емес құрастырылған	30%-дан 50%-ға дейін дұрыс емес құрастырылған

## Лексика-семантикалық кесте

Word	Synonym	Antonym	Hyperonym	Hyponym
nutrition				
maintain				
chain				
source				
ratio				
contain				
toxic				
transfer				
formation				
moisture				

рмасын орындау нәтижесі қандай болуы керек екендігі туралы нақты түсінік береді, ал дескрипторға сәйкес бағалау оқушының осы мақсатқа жақындау дәрежесін анықтайды. Қажетті тілдік материалды таныстыру және қарым-қатынасалды жаттығу кезеңінде мұғалім білім алушыларға келесі тапсырмаларды ұсынды:

1. Тақтаға «Healthy food» тақырыбы бойынша carbohydrates, fats and oils, proteins сөздерің жаза отырып ассоциация құрастыру (оқушылар алдыңғы сабақтарда алған білімі мен лексикаға сүйене отырып орындайды)

2. Лексикалық-семантикалық кестені толтыру (сөздіктер, интернет-ресурстар, мәтіндер сияқты әртүрлі дереккөздерді қолдану арқылы).


3. Ұсынылған сөздермен сөз тіркестерін, тұрақты тіркестер мен сөйлемдер және т. б. жасау.

Жобаны іске асырудың негізгі кезеңінде оқушылар жобаны тікелей дайындаумен айналысады, әр түрлі ақпарат көздерінен мәлімет жинайды, соңғы өнімді әзірлейді, бұрын ұсынылған және оқытылған лексиканы қолдана отырып, ұсыныс кітапшаны көпшілікке таныстыруға дайындайды. Бірінші топ оқушылары адам ағзасындағы көмірсулардың мөлшерін зерттейді және олардың мөлшері жоғары өнімдердің тізімін жасап, дұрыс тамақтану бойынша бір күндік ас мәзірін дайындайды.

Дәл сондай жұмыс екінші топта майлармен, ал үшінші топта, сәйкесінше, ақуыздармен жүргізіледі.

Соңғы қадам - әр топтың ұсыныстары бар кітапшаларды қорғауы. Өз жобаларын қорғай отырып, студенттер бірінші кезекте алдын-ала дайындалған сөйлеуді, атап айтқанда, осы жобаны орындау үшін алдыңғы кезеңдерде ұсынылған лексиканы қолданады. Осылайша, оқушылар дайындықсыз сөйлеуге мүмкіндігінше әзір болады, өйткені оқушылар негізгі және қосымша лексиканы (антонимдер, синонимдер, омонимдер және т.б.) игереді және оқытылып жатқан тақырып аясында сұрақтарға жауап бере алады, бұл, өз кезегінде, психологиялық шиеленісті азайтып, дайындықсыз сөйлеуге оқушылардың мотивациясын арттырады. Жобаларды орындаудың артықшылығы - білім алушылардың бейіндік пән бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылуында, сондай-ақ мамандық бойынша шет тілінде өздерінің сөздік қорын толықтыра алады, осылайша оқытудың екі басты мақсатына қол жеткізуі: бейіндік пән бойынша сапалы әрі берік білім алу және шет тілін тиімді меңгеру.


Біз өз жұмысымызда саралап оқыту әдісіне семантикалық парадигмаларды қолдануды да қарастырдық. Саралап оқыту әдісі - бұл оқу процесін ұйымдастырудың бір түрі, онда мұғалім оқу процесі үшін маңызды жалпы қа-




Сурет 1. Пәндік құзыреттілікті бағалаудың қорытындысы

сиеттердің болуын ескере отырып құрылған білім алушылар тобымен жұмыс істейді. Саралау білім деңгейіне, мамандандырылған бағытқа, психологиялық сипаттамаларға, оқу жылдамдығына, студенттердің мүдделеріне және т.б. байланысты болуы мүмкін. Біздің жағдайда біз оқушылардың оқу жетістіктері мен тапсырмаларды орындау жылдамдығына сүйене отырып бөлдіді. Осылайша, үш топ анықталды: баяу үлгерімді, орташа үлгерімді және жылдам үлгерімді. Оқытудың бұл түрі «Cell structure» («Жасуша құрылысы») сабағының тақырыбы бойынша «Қар кесегі» ойынының көмегімен өтті. Мұғалім тақтада жасушалар мен өсімдіктердің құрылымы туралы негізгі түсініктерді көрсетеді (Animal cells and

plant cells). Дайындық кезеңінде бірінші топ үшін сөздік, интернет-ресурстар және т.б. сияқты басқа ақпарат көздерін қолдана отырып, кілт сөздерге бірнеше синонимдер мен антиноимдерді іздеп, оларды тақтаға жазуға тапсырма берілді. Екінші топ тақтада көрсетілген ұғымдармен сөз тіркестерін құрайды, кейін ұсынылған синонимдер мен антиноимдерді пайдалана отырып, сөз тіркестерін түрлендіреді. Үшінші топ жаңа лексика игерілгеннен кейін сөздердің мағынасын толықтай ашып, есте сақтау үшін сөйлемдер құрастырады. Ойын барысында сынып алдында әр топтан бір өкілден шығып, осылайша бірінші оқушы синонимді таңдайды, екіншісі сөз тіркес, үшіншісі-сөйлем құрап, «қар кесегі»



Сурет 2. Тілдік құзыреттілікті бағалаудың қорытындысы



Сурет 3. Қорытынды диаграмма

іспетті сөздерді өрбітіп отырады. Ойын әр топтың барлық мүшелері өнер көрсеткенше жалғаса береді. Оқушылар саны топтарға тең бөлінбеген жағдайда, басқа топтардың ойыншылары қайтадан шыға алады. Бұл ойынның артықшылығы - оқушылар өз деңгейлері үшін мүмкін болатын жұмысты орындайды және сынып алдында алдын ала дайындалған материалмен өнер көрсетеді, бұл үлгерімі төмен студенттердің әл-ауқатына жағымды әсер етеді. Жаңа сөздерді бекіту үшін бірінші топтағы оқушыларға үй тапсырмасына диалог құру беріледі, оны ұсыну кезінде оқушылар өз жазбаларына сүйене алады. Оқушылардың екінші тобы диалогтарды ешқандай қолдаусыз ұсынады, ал үшінші топ өткен лексиканы қолдана отырып жасуша құрылымының сипаттамасын дайындайды.

Оқыту үрдісінде көрсетілген тапсырмалар түрлерін пайдалану таңдалып алынған тақырыптар аясында жүйелі түрде жүргізіліп отырды. Эксперимент аяқталғаннан кейін нәтижелерді анықтау үшін шығарма жазу түрінде бақылау жұмысы жүргізілді. Бақылау жұмысының қорытындысы бойынша келесі нәтижелер анықталды (1,2,3-суреттер):

Эксперименттік топтағы бақылау жұмысының нәтижелері бойынша пәндік және тілдік құзіреттіліктер бақылау тобымен салыстырғанда жоғары нәтиже көрсетті. Бұл өз кезегінде ағылшын тілі сабағында қолданылған әдістердің тиімділігін дәлелдейді.

### Қорытынды

Орта және жоғары білім беру жүйесінің алдында маңызды мақсат түр – білімді, бәсекеге қабілетті, үнемі өсуге және оқуға ұмтылатын, сондай-ақ өз мамандығы аясында жеткілікті деңгейде шет тілін білетін маман дайындау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін шет тілдерін оқытуда кәсіби бағытталған әдіс-тәсілдерді қолданған жөн.

Шет тілдерін кәсіби бағытталған тәсілмен оқыту бірқатар себептер бойынша болашақ мамандардың жеке басының бәсекеге қабілеттілігін дамытудың маңызды факторы бола алады. Біріншіден, шет тілі маңызды жеке шығармашылық әлеуетке ие, өйткені шет тілін білу адамның сана-сезімін және оның дүниетанымын кеңейтуде ықпал етеді, бұл еркін тұлғаның қалыптасуының маңызды факторы, өмірі мен жұмысының мәнін білетін, өз өмірін құрастырушының субъектісі. Екіншіден, шет тілдерін оқу процесі болашақ мамандардың кәсіби мәдениеті мен құзыреттілігін айтарлықтай кеңейтеді. Шет тілін білу білім алушылардың әлемнің мәдени алуан түрлілігін түсінуін қалыптастырады, «Global English» әмбебап қарым-қатынас тілі болып табылатын тұлғаны бүкіл әлемге бағдарлауға ықпал етеді. Шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану маманның іскерлік және жеке байланыстарының мүмкіндіктерін кеңейтеді, оның ең жақсы жұмысқа орналасуы, яғни

оның бәсекеге қабілеттілігіне тікелей ықпал етеді. Бұл тәсілді жүзеге асыру әр түрлі оқыту технологияларымен, соның ішінде жобалар, сараланған оқыту, іскерлік әдіс, кейс-стади және т.б. әдіс-тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін. Аталған технологияларды тиімді пайдалану үшін оларды мұқият жоспарлау, құрылымдау, сондай-ақ жаңа оқыту элементтерін қосу арқылы үнемі өзгерту және жетілдіру маңызды.

Қорытындылай келе, жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарланған шет тілінде сөйлеуін дамыту кезінде семантикалық парадигмалар элементтерін оқыту бірлігі ретінде пайдалануды шет тілін оқытудың за-

манауи әдістерінде қолдану пайдалы екенін айтуға болады. Аталмыш тәсіл сөздік қорды толықтыруға және мамандандырылған пәндер бойынша тақырыптар аясында сөйлеу дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Бұл мақалада семантикалық парадигмалардың кейбір топтарының пайдаланылуы ғана бар бірнеше сабақ көрсетілген. Шет тілінде бейіндік пәндерді оқыту бойынша әртүрлі технологиялардағы семантикалық парадигмалардың барлық құрылымдық элементтерін қолдана отырып оқыту үрдісін жүргізу зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін айқындай отырып, қосымша және мұқият зерттеуді қажет етеді деп санаймыз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Берман И.М. Методика обучения английскому языку в неязыковых вузах. – Москва: Просвещение, 1970. – 229 с.
2. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам: Пособие для учителя. – 2-е изд., перераб. и доп. – Москва: АРКТИ, 2003. – 192 с.
3. Бим И.Л. Методика обучения иностранным языкам как наука и проблемы школьного учебника. (Опыт системно-структурного описания). – Москва: Рус. яз., 1977. – 288 с.
4. Hjørland B. Are relations in thesauri “context-free, definitional, and true in all possible worlds”? // Journal of the Association for Information Science and Technology. – 2014. – Vol. 66. – № 7. – P. 84-97.
5. Asher R.E. The encyclopedia of language and linguistics. – Oxford: Pergamon Press., 1994. – P. 5644.
6. Жеребило Т.В. Словарь лингвистических терминов: Изд. 5-е, испр-е и дополн. – Назрань: Изд-во «Пилигрим», 2010. – 486 с.
7. Jackson H., Amvela E. Z. Words, Meaning and Vocabulary. – Continuum New York, 2007. – P. 107.
8. Айрапетян А.А., Алферова Ю.И., Аракелян Ц.Ж. Лингво-педагогические основы обучения иностранным языкам для специальных целей: материалы межвузовской научно-практической конференции с международным участием памяти профессора С.С. Соловей. – Омск: Омская академия МВД России, 2015. – 116 с.
9. Булатбаева К.Н. Функционально-коммуникативная технология обучения русскому языку в казахской школе: монография. – Павлодар: Изд-во ПГУ им. С. Торайгырова, 2005. – 349 с.
10. Michael O’Callaghan. Biology. Grade 10 Student’s book (Grammar Schools). – Express Publishing, United Kingdom, 2018. – P. 139.

**А.Ж. Мауигбекова<sup>1</sup>, К.Н. Булатбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина, Астана, Казахстан

### Использование семантических парадигм для развития профессионально-ориентированной иноязычной речи

**Аннотация.** Главная цель изучения иностранного языка - овладение коммуникативной компетенцией на этом языке. Для этого важно в процессе обучения использовать эффективные единицы развития речевой компетенции.

В «Новом словаре методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам)» отмечается, что «речевая компетенция входит в состав коммуникативной компетенции. Означает владение способами формирования и формулирования мыслей посредством языка и умение пользоваться такими способами в процессе восприятия и порождения речи. В свою очередь, развитие профильно-ориентированной иноязычной речи старшеклассников может происходить за счет использования профессионально-ориентированного подхода к обучению иностранного языка, который предусматривает формирование у них способности иноязычного общения в конкретных профессиональных, деловых, научных сферах и ситуациях с учетом особенностей профессионального мышления. Данный подход возможно применить на уроках биологии, химии, физики преподаваемых на английском языке в средней школе.

В связи с активным развитием науки в области образования, лингвистики, методики всё больше и больше внимания уделяется поиску и применению новых и эффективных методов в обучении иностранному языку как основному предмету, так и предметам изучаемых на иностранном языке. В своем исследовании мы предлагаем внедрить в современные технологии обучения иностранного языка элементы семантических парадигм как единиц обучения для обогащения словарного запаса при развитии профильно-ориентированной иноязычной речи старшеклассников. Семантические парадигмы – это лексические группировки, основанные на семантической близости или противоположности, даже формальной идентичности и семантической отдаленности в широком понимании (случаи омонимии), компоненты которых коррелируют друг с другом на определенных основаниях. На основе анализа учебника по биологии 10-го класса на английском языке были предложены упражнения с использованием семантических парадигм, включенных в разные обучающие технологии.

**Ключевые слова:** семантическая парадигма, обогащение словарного запаса, коммуникативная компетенция, единицы обучения, профессиональная компетенция, активные методы.

**A.Zh. Mauitbekova<sup>1</sup>, K.N. Bulatbayeva<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>National Academy of Education named after Y. Altynsarin, Astana, Kazakhstan

### Using semantic paradigms in developing professionally-oriented foreign language speech

**Abstract.** The main goal of learning a foreign language is to master communicative competence in this language. To do this, it is important to use effective units of speech competence development in the learning process.

The «New Dictionary of Methodological Terms and Concepts (theory and practice of language teaching)» notes that «speech competence is part of the communicative competence. It means the possession of ways of forming and formulating thoughts through language and the ability to use such methods in the process of perception and generation of speech. In turn, the development of profile-oriented foreign language speech of high school students can occur through the use of a professionally-oriented approach to teaching a foreign language, which provides for the formation of their ability to communicate in a foreign language in specific professional, business, scientific fields and situations, taking into account the peculiarities of professional thinking. This approach can be applied in biology, chemistry, and physics classes taught in English in high school.

In connection with the active development of science in the field of education, linguistics, methodology, more and more attention is paid to the search and application of new and effective methods in teaching a foreign language as the main subject and subjects studied in a foreign language. In our research, we propose to introduce elements of semantic paradigms as learning units into modern foreign language teaching technologies to enrich vocabulary in the development of profile-oriented foreign language speech of high school students. Semantic paradigms are lexical groupings based on semantic proximity or opposites, even formal identity and semantic remoteness in a broad sense (in case of homonymy), the components of which correlate with each other on certain grounds. Based on the analysis of the 10th grade biology textbook in English, exercises were proposed using semantic paradigms included in different teaching methods.

**Keywords:** semantic paradigm, vocabulary enrichment, communicative competence, learning units, professional competence, active methods.

## References

1. Berman I.M. Metodika obucheniya anglijskomu yazyku v neyazykovyh vuzah [Methods of teaching English in non-linguistic universities], (Moskva: Prosveshchenie, 1970, 229 s.) [Moscow: Education, 1970, 229 p.]. [in Russian].
2. Gal'skova N.D. Sovremennaya metodika obucheniya inostrannym yazykam: Posobie dlya uchitelya. 2-e izd., pererab. i dop. [Modern methods of teaching foreign languages: A guide for the teacher. 2nd ed., revised and additional] (Moskva: ARKTI, 2003, 192 s.) [Moscow: ARKTI, 2003, 192 p.]. [in Russian].
3. Bim I.L. Metodika obucheniya inostrannym yazykam kak nauka i problemy shkol'nogo uchebnika. (Opyt sistemno-strukturnogo opisaniya) [Methods of teaching foreign languages as a science and problems of a school textbook. (Experience of system-structural description)] (Moskva: Rus. yaz., 1977, 288 s.) [Moscow: Rus. yaz., 1977, 288 p.]. [in Russian].
4. Hjørland B. Are relations in thesauri "context-free, definitional, and true in all possible worlds"? Journal of the Association for Information Science and Technology, 66(7), 84-97 (2014).
5. Asher R.E. The encyclopedia of language and linguistics (Oxford: Pergamon Press., 1994, 5644).
6. ZHerebilo T.V. Slovar' lingvisticheskikh terminov: Izd. 5-e, ispr-e i dopoln. [dictionary of linguistic terms: Ed. 5th, corrected and supplemented] (Nazran': Izd-vo «Piligrim», 2010, 486 s.) [Nazran: Pilgrim Publishing House, 2010, 486 p.]. [in Russian].
7. Jackson H., Amvela E. Z. Words, Meaning and Vocabulary (Continuum New York, 2007, 107 p.).
8. Ajrapetyan A.A., Alferova YU.I., Arakelyan C.ZH. Lingvo-pedagogicheskie osnovy obucheniya inostrannym yazykam dlya special'nyh celej: materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii s mezhdunarodnym uchastiem pamyati professora S.S. Solovej [Linguistic and Pedagogical Foundations of Teaching Foreign Languages for Special Purposes: Proceedings of the Interuniversity Scientific and Practical Conference with International Participation in Memory of Professor S.S. Nightingale] (Omsk: Omskaya akademiya MVD Rossii, 2015, 116 s.) [Omsk: Omsk Academy of the Ministry of Internal Affairs of Russia, 2015, 116 p.]. [in Russian].
9. Bulatbaeva K.N. Funkcional'no-kommunikativnaya tekhnologiya obucheniya russkomu yazyku v kazahskoj shkole: monografiya [Functional-communicative technology of teaching the Russian language in the Kazakh school: monograph] (Pavlodar: Izd-vo PGU im. S. Torajgyrova, 2005, 349 s.). [in Russian].
10. Michael O'Callaghan. Biology. Grade 10 Student's book (Grammar Schools) (Express Publishing, United Kingdom, 2018, 139 p.).

### Авторлар туралы мәлімет:

**Мәуітбекова А.Ж.** – корреспонденция үшін автор, шетел филологиясы кафедрасының 2 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан.

**Бұлатбаева К.Н.** – п.ғ.д., профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясының бас ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.

**Mauitbekova A.Zh.** – **Corresponding author**, 2nd year doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Bulatbayeva K.N.** – Doctor of Pedagogical Sciences, professor, Chief Researcher of National Academy of Education named after Y. Altynsarin, Astana, Kazakhstan.